

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты Пошанов Нұрсұлтан Нұрбайұлының 6D030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысына ғылыми кеңесші, заң ғылымдарының кандидаты, (PhD) қауымдастырылған профессор Қ.Т. Битемировтың**

## **ПІКІРІ**

Докторант Пошанов Нұрсұлтан Нұрбайұлының «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы өте өзекті мәселелердің біріне арналған. Диссертациялық зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғау саласына жүргізілетін экологиялық бақылау мен қадағалау мәселелері кешенді түрде зерттеледі. Біздің елімізде соңғы кездері қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламалар мен ҚР Президентінің Жолдауларында қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті жетілдіру мен оның сапасын арттыру мәселелерінің жиі қозғалуы зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыс тақырыбы, өзектілігі және мазмұнының нақтылығымен ерекшеленетіндігін айтқым келеді. Жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, хронологиялық шегі мен географиялық ауқымы да тақырыптың біртұтастығына қызмет етеді. Диссертациялық жұмыстың мазмұнының жинақылығы мен бағыттылығына негіз болған осы жағдайлар тақырыптың сәтті ашылуына мүмкіндік берген. Докторант осы тақырыпқа үлкен дайындықпен келгенін көрсетті.

Докторант Пошанов Нұрсұлтан Нұрбайұлы диссертациялық жұмысты дайындау барысында өзінің теориялық тұрғыда жоғары дайындығы мен білімділігін көрсете білген. Жұмысты жазу барысында көп ізденгенін, өте кең ауқымда әдебиеттер мен нормативтік құқықтық актілерді пайдаланғанын атап өтуге болады.

Зерттеуде экологиялық бақылау мен қадағалау саласындағы қазіргі заманғы құқықтық қатынастардың мәні мен мазмұнының жалпы теориялық аспектілері, экологиялық бақылау мен қадағалау ұғымдарының ара қатынасы мен ерекшеліктері, олардың экологиялық құқық нормалары арасындағы орны мен мемлекеттік басқару функциясы ретіндегі рөлі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қалыптасу тарихы мен олардың қызметі,



экологиялық бақылаудың жекелеген түрлері, мемлекеттік экологиялық бақылауды жетілдірудің ұйымдық құқықтық мәселелері мен экологиялық бақылауды жергілікті басқару органдары деңгейінде жүзеге асыру мәселелері қарастырылған.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалауға қатысты көптеген мәселелер әлі де болса жіті ұғынылмай, әрі іс жүзінде қолданылмай, практикалық шешімін таппай отыр. Сондықтан зерттеу жұмысының маңызды және құнды екені теориялық, әрі практикалық тұрғыдан айқын байқалады. Зерттеу нысаны ретінде нарықтық қатынастар жағдайында және тұрақты дамуға өтпелі кезеңдегі қоршаған ортаны қорғау саласында қалыптасқан қоғамдық қатынастар кешені алынған.

Диссертацияда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалар жүйесі және нарық жағдайында қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалауды құқықтық реттеу механизмдері зерттеле келе, заңнамадағы кемшін тұстар анықталып, оларды түзеу мақсатында нақты ұсыныстар жасалған.

Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғау саласына жүргізілетін экологиялық бақылау мен қадағалау мәселелерін құқықтық қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттерінің заңнамасы мен тәжірибесіне салыстырмалы талдау негізінде жүргізілген зерттеу нәтижесінде алынған ұсыныстары осы саладағы құқықтық тұрғыдан дамуға ие және құқықшығармашылық барысында қолдану мүмкіндігі жұмыстың теориялық және тәжірибелік құндылығын көрсетеді. Автордың осы тақырып бойынша Қазақстанда және шетелдік ғылыми басылымдарда жариялаған еңбектері оның құзыреттілігін дәлелдейді.

Докторант Пошанов Нұрсұлтан Нұрбайұлының PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған **«Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың құқықтық негіздері»** тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы қойылатын талап, ережелерге сай орындалған және 6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы PhD ғылыми дәрежесін алу үшін мамандандырылған кеңесте қорғауға ұсынуға лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші,  
з.ғ.к., (Phd) қауым.  
профессор**

